

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

болады. Бұл бір айнаымалы ұлғайған кезде екіншісі азаяды дегенді білдіреді. Біздің зерттелуші студенттердің өмірдегі қиыншылыққа, сәттілікке, армандардың орындалуына деген көз қарастары оң болып келеді, ал бірақ өз эмоцияларын басқара алу, өзін-өзі ынталандыру түсініктері толық жетілмеген.

Қорытынды.

Біздің зерттеуіміздің мақсаты бойынша студенттердің эмоциялық интеллект пен өміршеңдіктің байланысын табу болды. Нәтижес бойынша эмоциялық интеллект жоғары болған сайын, өміршеңдік деңгейі төмен болады. Ал өміршеңдік жоғары болған сайын эмоциялық интеллект төмен болады. Бірақ, бұл зерттеуді тағы да үлкен көлемде жалғастыру көзделеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Maddi S. R. Relevance of Hardiness Assessment and Training to the Military Context / S. R. Massi / Military Psychology, 2007, 19 (1), pp. 61–70.
2. Гоулман, Д. Эмоциональное лидерство: Искусство управления людьми на основе эмоционального интеллекта / Д. Гоулман, Р. Бояцис, Э. Макки; Пер. с англ. // – М.: Альпина Бизнес Букс, 2005 – 301 б.
3. Гоулман, Д. Эмоциялық интеллект: ол неге IQ-дан жоғары саналады? / ағыл. ауд. А.П. Исаевой. - М.: АСТ: АСТ МОСКВА; Владимир: ВКТ, 2009. - 478, 30-47 б.
4. Леонтьев Д.А., Рассказова Е.И. Тест жизнестойкости. М., 2006
5. Мадди С. Теории личности: сравнительный анализ. СПб., 2002.
6. Mayer, J. D. Emotional intelligence [Electronic resource] / J. D. Mayer, P. Salovey. – 2005 Mode of access // Эл. ресурс. – Режим доступа: <http://www.unli.edu/emotionalintelligence>.
7. Андреева, И. Н. Предпосылки развития эмоционального интеллекта / И.Н. Андреева // Вопросы психологии, 2007 – № 5 – Б. 57–65.
8. Одинцова, М. А. Психология жизнестойкости / М. А. Одинцова // М.: ФЛИНТА: Наука, 2015 – 296 с.

УДК 37.018.1

ОТБАСЫЛЫҚ ТӘРБИЕ СТИЛІ МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫ АРАСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС

Иланова Айым Кайратовна

aiym300703@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ психология мамандығының 4 курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.Айкинбаева

Отбасы жеке тұлғаның тағдырын анықтайтын, оның әлеуметтенуіне әсер ететін әлеуметтік-мәдени институт ретінде қызмет атқарады. Жас ұрпақты тәрбиелеу, мәдениетті, білімді болуының кепілі отбасынан басталады. Отбасы- баланы дүниеге әкеліп қана қоймайды, оның тұлғалық қалыптасуы мен жеке басының дамуында орасан зор рөл атқарады.

Отбасы – берекенің, бірліктің, кіршіксіз тазалық пен адамгершіліктің ордасы, ал осындай береке мен бірлікке толы, құрметті де, сыйлы отбасының қалыптасуында жасөспірімдердің бойында қалыптасқан отбасы тәрбиесі жайлы түсініктердің маңыздылығы ерекше болып табылады. Әрине, жасөспірімдер бойында отбасы тәрбиесі жайлы түсініктердің қалыптасуы, олардың қажеттіліктері мен қызуғушылықтарына, түйсіктеріне, бағдарларына, дүниетанымына тікелей байланысты.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан 2020: болашаққа бастар жол» мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасында: «Қазақстанда отбасы әрқашан қоғамның аса маңызды құрамдас элементі ретінде қарастырылып келеді. Бұл қоғамның, мемлекеттің негізі, адалдық, имандылық және рухани келісім жүйесінің маңызды буыны»; «...Өзі және өз жақындары үшін әлеуметтік жауапкершілік сезімін қалыптастыру отбасындағы тәрбиеден бастау ала отырып, жастар саясаты мәселелерінде негіз болуы қажет. Өмірдің құндылығы, қауіпсіздігі және оны жалғастыру отбасымен тікелей байланысты» - делінген. Мұндай тұжырымдамалық идеялар жастар саясатына, оның ішінде статистикалық көрсеткішімен басым келетін жастарға әлеуметтік міндет ретінде ұсынылып отырғанының өзі отбасындағы жеке тұлғаның қоғаммен өзара әрекеттестігінің негізгі құралы екендігінің кепілі бола алады [1]. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес тәрбиелеу білім беру жүйесінде жүзеге асырылады және оқушылардың жалпы адамгершілік құндылықтарға негізделген тәрбие үдерісі барысында рухын дамытуға жағдай жасауға, олардың өмірлік өзін-өзі жүзеге асыруына көмектесуге бағытталған, жеке тұлғаның өзін-өзі жетілдіруіне жағдай жасау мақсатты қызмет ретінде қарастырылады [2]. Мұндағы міндеттер өз кезегінде қоғам алдында жастарды азаматтық және адамгершілік құндылықтармен қамтамасыз етіп отбасында тәрбиелеу болып отыр.

Балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынас мәселесі психологияда әрқашан өзекті болады, өйткені ересектермен қарым-қатынас баланың дамуында шешуші рөл атқарады. Ата-ана мен жасөспірімдердің қарым-қатынастарын зерттеудің маңыздылығы оның жеке дамуына және осы жасқа қатысты түрлі міндеттерді шешуге қол жеткізу және жеке тұлғаны дамытуда айтарлықтай әсер ететіндігіне байланысты. Қазіргі уақытта отбасылық тәрбиенің, соның ішінде жасөспірімнің өзін-өзі бағалауына әсері мәселесін жіті зерттеу заман қажеттілігі болып табылады.

Тарихқа көз жіберсек, отбасы, құндылық және отбасылық рухани - адамгершілік құндылықтар жөніндегі идеялардың сонау ежелгі философтар Конфуций, Сократ, Платон, Аристотель еңбектерінен бастау алып, орта ғасыр ойшылдары Әл-Фараби, Ж. Баласағұни және одан кейінгі ғұламалардың еңбектерінде жалғасын тапқанын көреміз. Сондай-ақ, Ш.Уалиханов, А.Құнанбаев, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов сынды ағартушылар еңбектерінде отбасы-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруда алатын орны ерекше деп қарастырған.

Отбасы тәрбиесі мәселесін тарих саласында Х.А.Арғынбаев «Қазақ отбасы» атты еңбегінде көшпелі қоғамдағы қазақ отбасыларының тұрмыс - тіршілігінің этнографиялық сипатына тоқталса, әлеуметтанушы З.Ж. Жаназарова «Қазақстандағы қазіргі заманғы отбасы және оның мәселелері» зерттеуінде бүгінгі таңдағы қазақстандық отбасылардың жай - күйлерін, сонымен бірге З.К.Шәукенованың «Қазақстандық отбасы қоғамның негізгі құндылығы ретінде: жағдайы және даму үрдістері» еңбегінде отбасының даму үрдістеріне өзіндік түсініктемелер берілген [3,4,5].

Психология ғылымында отбасылық қарым-қатынас психологиясын, құндылық бағдар мәселелерін шетел ғалымдары Г.Олпорт, Ж.Пиаже, З.Фрейд; ресей психологтары С.Л. Рубинштейн, В.И.Мясищев және т.б. қарастырады. Соның ішінде, отбасы психологиясын зерттеуші ғалымдар А.Г. Харчев және А.И. Антонов еңбектерінде отбасының маңызды функцияларының қатарына ата-ананың үгіт-насихаты мен өнегесі, отбасының психологиялық жағдайы арқылы балалардың әдеттері мен мінез-құлқы, жақсы-жаманды бағалай алу өлшемдері қарастырылған. Ал, отбасылық өмір этикасы мен психологиясын И.В.Гребенников, С.В.Ковалев, отбасылық қарым-қатынас психологиясын Л.Б.Шнейдер болса арнайы пәндерді енгізген.

Отбасындағы балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынас ерекшеліктерін зерттеумен Э.Г.Эйдемиллер, А.И.Захаров, А.С.Спиваковская, О.А.Қарабанова, А.И.Подольский,

О.А. Идобаева, О.П.Макушина, Д.Байард, Д.Берне, Ф.Райе, Д.Баумринд сынды ғалымдар жан-жақты зерттеген.

Қазақстандағы отбасы психологиясы, отбасындағы тәрбие мәселесімен айналысқан Жарықбаев Қ.Б., Әмірова Б.А., Кабакова М.П., Кайрова Б.К., З.Ш. Каракулова, З.М. Балгимбаева, К.А. Айдарбеков, А.Б. Валиева, С.К. Кудайбергенова, Ж.К. Аксакалова, Г.К. Сланбекованың еңбектерін атап өтуге болады.

Отбасылық тәрбиедегі балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынастың әртүрлі аспектілерін бөліп көрсете отырып, психологтар жасөспірімдердің өзін-өзі бағалау мәселесі толық зерттелмеген, әрі зерттеуді қажет ететін өзекті сұрақтардың бірі болып табылады демекпіз. Өйткені бала үшін оның ата-анасымен қарым-қатынасы ерекше мәнге ие, өйткені, ең алдымен, ата-ана бала үшін ең күшті эмоционалды тәжірибенің көзі болып табылады. Баланың тәуелсіздігі мен даралығын құрметтейтін сүйіспеншілікке толы отбасы тәрбиесінде ата-ана оның негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыруға және оның эмоционалды әл-ауқатына ықпал етеді. Ал, отбасылық тәрбиеде ата-ананың жағымсыз көзқарасы баланың қажеттіліктерін қанағаттандыруға теріс әсер етеді, бұл оның жеке басының қалыптасуын бұрмалайды, отбасылық тәрбиенің құндылығын төмендетеді. Ата-ана қарым-қатынасы, ана тәрбиесінің стильдері мәселесі байланыстылығын зерттеген бірқатар ғалымдар бар, атап айтқанда Е.Т. Соколова, С.Броди, Л. Ковар және т.б.

Отбасы-бұл баланың жеке басын тәрбиелеуде негізгі, ұзақ мерзімді және маңызды рөл атқаратын ерекше ұжым. Мазасыз аналар көбінесе мазасыз балаларды өсіреді; өршіл ата-аналар көбінесе балаларын соншалықты басады, бұл олардың бойында кемшілік кешенінің пайда болуына әкеледі; өзін-өзі ұстай алмайтын әке, көбінесе өзін-өзі білмей, балаларында осындай мінез-құлық түрін қалыптастырады.

Отбасының маңызды әлеуметтік қызметі - жас ұрпақты тәрбиелеу. Қазіргі қоғамдағы отбасы баланың алғашқы әлеуметтену институты ретінде қарастырылады. Ата-ана болу әлеуметтік-мәдени сипатқа ие. Ата-аналар арасында бала күтімі мен оларды отбасында тәрбиелеу функцияларын бөлуді реттейтін мәдениет пен қоғам белгілеген нормалар мен ережелер жүйесімен сипатталады: рөлдердің мазмұнын, рөлдік мінез-құлық үлгілерін анықтайды. Ата-аналар онтогенездің әр сатысында баланың жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін және оның жеке бастық, ақыл-ой дамуының оңтайлы мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін жағдайлар жүйесін ұйымдастыруға қоғам алдында жауап береді.

Ата-ана тарихында отбасы институтының маңыздылығының өсу тенденциясы барған сайын айқын болып табылады. Бұрын баланы тәрбиелеу жауапкершілігі қоғамға жүктелді, ал жеке ата-ана баланың балалық шағының салыстырмалы түрде қысқа мерзімін ғана қамтыды, ол еңбек қызметіне кіріспес бұрын немесе оның әлеуметтік функцияларын орындай бастағанға дейін, бірақ отбасылық тәрбие шеңберінде баланы әлеуметтендіру міндеттерінің өзгеруімен оның дамуының әр жас кезеңінде нақты формалар да өзгереді. Тәрбиелік әсер ету құралдары, баланың ата-анасымен қарым-қатынасының сипатын анықтайды.

Дәстүрлі түрде баланың жеке басын тәрбиелеудің негізгі институты-отбасы. Бала кезінен отбасында алған нәрсені ол кейінгі өмір бойы сақтайды. Отбасының тәрбие институты ретіндегі маңыздылығы баланың өмірінің көп бөлігінде болатындығына және оның жеке тұлғаға әсер ету ұзақтығына байланысты, ата-ана тәрбиесі институттарының ешқайсысын отбасымен салыстыра алмайды. Онда баланың жеке басының негіздері қаланады және мектепке түсу үшін оның жартысынан көбі жеке тұлға ретінде қалыптасқан болып табылады.

Отбасы тәрбиенің оң және теріс факторы ретінде әрекет ете алады. Баланың жеке басына жағымды әсер етуші отбасындағы ең жақын адамдардан басқа ешкім (анасы, әкесі, әжесі, атасы, ағасы, әпкесінен басқа) балаға жақсы қарамайды, оны жақсы көрмейді және оған онша мән

бермейді. Сонымен қатар, басқа ешбір әлеуметтік институт бала тәрбиесінде отбасы жасай алатындай көп тәрбие бере алмайды.

Отбасында бала алғашқы өмірлік тәжірибені алады, алғашқы бақылаулар жасайды және әртүрлі жағдайларда өзін қалай ұстау керектігін үйренеді. Отбасында балаға үйретілетін нәрсені нақты мысалдармен нығайту өте маңызды, сондықтан ол ересектерде теория практикадан алшақтамайтынын көреді.

Отандық және шетелдік психология мен педагогикада баланың психикалық дамуындағы ересек адамның жетекші рөлі дәстүрлі түрде танылады. Мінез-құлық тәсіліне сәйкес балаға ата-ананың «өзіндік тұжырымдамасы» тікелей әсер етеді, яғни мінез-құлық сипаттамалары мен көзқарастары, бала өзінің әлеуметтік ортасынан маңызды ересектердің мінез-құлқын игеру және еліктеу арқылы, маңызды қасиеттерін иегере алады. Өз іс-әрекеттерін бағалау осы стандарттарға қатысты жүзеге асырылады. Өзін-өзі марапаттау интериоризацияланған прототиптерге сәйкес жүзеге асырылады.

Ю.В.Сомова [6] бойынша «Мен тұжырымдамасы» ата-аналар мен ересектерді бағалауымен тікелей байланысты екенін атап өтеді.

М.В.Лысогорская [7] баланың дамуының алғашқы кезеңдерінен бастап отбасылық қарым-қатынас тәжірибесі оның әлеуметтік қатынастар әлеміне және өзінің «имиджіне» деген жалпы көзқарасының негізін құрайды деп санайды.

Н.С.Фонталова және [8] көптеген бірқатар зерттеушілер ата-аналардың мінез-құлқының баланың өзін-өзі бағалауын дамытудағы ерекше маңыздылығын атап өтеді. Өзін-өзі бағалауды қалыптастыру үшін балаға деген жылылық, оған қызығушылық пен қамқорлықпен қарау, балаға деген талапшылдық, отбасылық қатынастардағы демократия сияқты маңызды факторлар анықталады. Ата-ана қарым-қатынасы баланың өзін-өзі тану және өзіндік қарым-қатынас негіздерін қалыптастырудың шешуші факторы болып табылады. Бұл баланың өзі туралы идеяларының пайда болуы мен дамуының көзі. Бала ата-аналарға физикалық және эмоционалды және әлеуметтік жағынан тәуелді болып табылады, нәтижесінде олардың көзқарастары «Мен бейнесі», өзін-өзі бағалау, өзін-өзі дамыту, өзін-өзі танудың компоненттерін қалыптастыруда үлкен маңызға ие болып табылады.

М.В.Лысогорскаяның пікірінше, қарым-қатынастың негізі [7., -16], балалық шақта салынып, адамның бүкіл өмірінде сақталады. Одан бас тарту қиын, бірақ кез-келген жас кезеңінде өзін-өзі ұстаудың оң динамикасы қалыптасуы мүмкін.

Р.Бернс [9] баланың өзін жақсы көретінін, оны әрқашан қабылдауға дайын екенін сезіну сенімге ие ортада болатындығын атап көрсетеді. Мәселен, ол болашақта басқа адамдармен қарым-қатынас жасау және өзіне деген оң көзқарасты қалыптастыру үшін берік негіз қалайды. Бойында тұрақты өзін-өзі бағалауы әлі дамымаған кезде, бала ересек адамның өзіне деген көзқарасын өздігінен қабылдайды, осылайша оның өзіндік тұжырымдамасы «сенім» болып табылады. Р.Бернстің пікірінше, біртұтастық пен ынтымақтастықта ерекшеленетін отбасылардағы балаларда адекватты өзін-өзі бағалау дамиды, мұнда негізгі маңызды фактор ананың өзіне қатынасы болып табылады. Мұндай отбасындағы бала ішкі қақтығыстар мен мазасыздыққа аз ұшырайды, қоршаған әлемді және өзін-өзі мейірімді және шынайы қабылдайды. Балада адекватты өзін-өзі бағалауды қалыптастыруға ықпал ететін үш негізгі шартты ажыратуға болады:

1. баланы ата-ананың қабылдауы;
2. баланың мінез-құлқын реттейтін түсінікті және біржақты ережелерді белгілеу;
3. балаға белгіленген шекараларда әрекет ету еркіндігін беру.

В.Н.Дружининнің пікірі бойынша [10] үйлесімді тұлғаның қалыптасуына ата-ананың екеуінің де болуы, олардың балаға деген оңтайлы көзқарасы үлкен әсер етеді. Ата-ана

махаббаты жасөспірімнің өзін-өзі бағалауы мен өзін-өзі дамытуының, жеке басына оң қатынасының пайда болуына ықпал етеді.

Әлеуметтік жағдай (отбасы құрамы), рухани ұстаным, бала тәрбиесінің түрі көбінесе жасөспірімнің өзін-өзі тануын, өзін-өзі бағалауын анықтайды.

А.И. Захаров [11] адекватты өзін-өзі бағалауды қалыптастыру үшін бір жыныстағы ата-аналармен эмоционалды қарым-қатынастың оң сипаты болуы үлкен маңызға ие екенін атап көрсетеді. Қарым-қатынас барысында әкесі мен ұл баланың, ана мен қызының тығыз қатынастың болуы баланың жыныстық-рөлдік сәйкестендіруін қалыптастыру кезінде де маңызды орынға ие болады.

И.И.Чеснокова [12] және психоаналитикалық тұғырдың өкілдері ананың рөлі дамып келе жатқан тұлға үшін үлкен маңызға ие және бала үшін ештеңемен алмастырылмайды деп санайды.

Бихевиоральды-бағдарланған психологтар тәрбиелік әсерлердің көптігі емес, осы әсерлердің мазмұны, балаға қамқорлық жасаудың дұрыс ұйымдастырылуы және оның бүкіл тіршілік ету ортасы тәрбиенің нәтижелерін анықтайтындығын атап көрсетеді. Ата-ананың отбасындағы қарым-қатынас, ата-ананың балаға деген көзқарасы баланың мотивациялық саласын, әлемге және өзіне оң көзқарасты қалыптастыра алады және сол факторлар, бірақ басқа психологиялық мазмұны бар, қажеттіліктер мен мотивтердің теріс дамуына, өзін-өзі бағалаудың төмендігіне, басқаларға сенімсіздік таныту, оқшаулануға және осалдыққа әкелуі мүмкін.

Е.А.Каппова [13] балалардың жеке басының қалыптасуына отбасындағы жанжал қатынастары және ата-аналардағы невротикалық қасиеттер сияқты факторлар теріс әсер етеді деп тұжырымдайды. Алайда, авторлардың зерттеулерінде отбасындағы қолайсыздық балаларда мазасыздыққа әкелетін ішкі жанжал тудыратыны көрсетілген. Мұндай балалар осал, өзіне сенімді емес, мазасыз болып келеді. Жасөспірім кезіндегі дұрыс емес тәрбиенің әсері ең зиянды болып табылады. Отандық әдебиеттерде отбасылық тәрбие стильдерінің кең жіктелуі ұсынылған, сонымен қатар ата-аналық қатынастың қандай түрі белгілі бір даму жағдайының пайда болуына ықпал ететіндігі көрсетілген.

В.С.Мухинаның зерттеулерінде жасөспірімдердің өзін-өзі тануының қалыптасуы [14] тәрбиенің әртүрлі әлеуметтік жағдайларына байланысты айыру жағдайлары (балалар үйі) және қарапайым (отбасы) мысалында зерттелді. Осылайша, қамқорлықтан айырылған жасөспірімдерде «Мен бейнесі» отбасынан шыққан жасөспірімдерге қарағанда баяу ғана емес, сонымен қатар мүлдем басқа жолмен дамиды. Ерекшелік, ең алдымен, ішкі идеалды жоспардың қалыптаспауында, мотивациямен, мінез-құлық реакцияларымен және сыртқы жағдаймен байланыста көрінеді.

И.С.Кон [15] баланың қалыптасып келе жатқан жеке басына әсер ететін келесі факторларды атайды: отбасылық жағдайлар, оның ішінде әлеуметтік жағдайы, кәсібі, материалдық жағдайының деңгейі және ата-аналардың білімі. Бұл факторлар баланың өмір жолын алдын-ала анықтайды. Ата-анасы оған беретін саналы, мақсатты тәрбиеден басқа, балаға отбасының ахуалы әсер етеді және бұл әсер баланың жасына қарай жинақталады, бұл жеке тұлғаның құрылымында байқалады. Сондай-ақ, баланың жеке басына отбасының құрамы мен оның мүшелері арасындағы қарым-қатынас сипаты қатты әсер етеді.

Отбасылық тәрбиенің жасөспірімнің өзін-өзі тану мен қарым-қатынасының қалыптасуына әсерін С.Куперсмит, Р. Бернс, Е.Т.Соколова, И.Г.Чеснова, И.С. Бубнова, Е.Л.Птичкина және басқада ғалымдар зерттеген.

С.Куперсмиттің пайымдауы бойынша [16] -өзін-өзі бағалаудың төмен болуы ата-ананың мінез-құлқының баланың бейімделу қабілеттілігін қалыптастыру әрекеттерімен байланысты-дейді.

Е.Т.Соколова және И.Г.Чеснокова [17] бойынша «ата-анасымен сенімді қарым-қатынаста болған жасөспірімдерде өзін-өзі бағалаудың жоғары және тұрақты болуы басым деп санайды, ал

ата-анасы қатаң стилді ұстанса, ондай отбасынан шыққан жасөспірімдер тұрақсыз және өзін-өзі бағалаудың жеткіліксіздігімен сипатталады. Жасөспірім жасы ұлғайған сайын, өзін-өзі растау, құрметтеу және тәуелсіздік құқықтарын тану және оған ата-аналық нормалар мен ережелерді енгізу қажеттілігі арасындағы қайшылық соғұрлым жоғары болады, бұл «мен бейнесінің» құнсыздануына әкеледі.

Е.Т.Соколова және И.Г.Чеснокова [17, -110б] жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауының ата-анасының оған деген көзқарасына тәуелділігін зерттеу көрсеткендей, ата-аналарға құрметпен қарауы болған кезде жасөспірімдерде өзін-өзі бағалаудың қолайлы түрі қалыптасады, бұл сыртқы бағалаудың сыни есебін және өзінің кеңейіп жатқан тәжірибесін біріктіреді. Әсіресе, олар өздерінің қасиеттерін, ата — аналық көзқарас пен бағалау түріндегі «кері байланыс» туралы жеткілікті хабардар болуы — жағымды да, жағымсыз да-жоғары жанашырлық пен өзін-өзі бағалауды біріктіретін өзін-өзі бағалаудың қолайлы түрі бар жасөспірімдерге тән екенін атап көрсетеді. Басқаша айтқанда, оң қабылданған «Мен бейнесі» жасөспірімді ата-аналардың тәрбиелік әсеріне, оның ішінде олардың сыни бағаларына қол жетімді етеді, бұл жағдайда оның жеке басы мен қадір-қасиетін төмендететін және оның тәуелсіздігін шектейтін ретінде қабылданбайды.

Зерттеуде ұсынылған деректер мен сипатталған балалық шақтағы өзін өзі бағалау құбылыстары жасөспірім кезіндегі отбасылық тәрбиенің өзін өзі бағалаудың дамуындағы екі тенденцияның болуын растайды:

- аффективті және когнитивті деңгейлердегі ата-аналық қатынастармен тығыз байланыстың болуы;

- ата-аналардың қарым-қатынасынан өзін-өзі бағалаудың бастау алуы.

Қолайсыз отбасылық жағдайда, ата-аналардың құрметтемеуі және қабылдамауы кезінде, бұл процесс жасөспірімдегі «мен бейнесінің» қалыптасуымен, өзін-өзі қабылдау саласындағы жанжалмен, өзіне деген жанжалмен, құндылықтар құрылымындағы жанжалмен сипатталатын өзін-өзі бағалаудың осындай ерекшеліктерін қалыптастыруға әкеледі.

Сонымен, отбасылық тәрбие түрі жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауына отбасының тәрбиелеу стильдері мен оның өзін-өзі бағалауы мен өзін-өзі дамуындағы адекваттылығы мен тұрақтылығы арасындағы байланысты зерттеу ата-анасымен сенімді қарым-қатынаста болған жасөспірімдердің өзін-өзі бағалауы тұрақты болатынын, ал реттелетін қарым-қатынас түрі бар отбасылардан шыққан жасөспірімдер өзін-өзі бағалаудың тұрақсыздығымен және жеткіліксіздігімен сипатталатынын көрсетті. Баланың өзін-өзі бағалауының негізгі компоненттерінің бірі болып табылатын қарым-қатынастағы теріс әсер ететін негізгі факторларға отбасылық тәрбиенің бұзылған стильдеріне, ата-аналардың тұрақсыз эмоционалдық және психологиялық жағдайына, баланың анасымен қолайсыз қарым-қатынасына байланысты болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Қазақстан 2020: болашаққа бастар жол» мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
3. *Арғынбаев Х. Қазақ отбасы.* - Алматы: Қайнар, 1996. - 288 б..
4. Жаназарова З.Ж. Қазақстандағы қазіргі заманғы отбасы және оның мәселелері. -Алматы, 2013. -436б.
5. Шәукенова З.К. Қазақстандық отбасы қоғамның негізгі құндылығы ретінде: жағдайы және даму үрдістері. – Астана, 2013. -325б.
6. Сомова Ю. В. Особенности представления о себе подростков группырискапосоциальномусиротству//Психологическаянаукаиобразование.– 2007.– №5.–

С.193-207.

7. Лысогорская М.В. Типы родителской семьи и особенности внутрличностного ценностного конфликта подростков / М.В. Лысогорская: автореферат диссертации на соискание степени кандидата психологических наук. – Ярославль, 2001. – 16 с.
8. Фонталова Н.С. Самоотношение и его психолого-педагогическая коррекция у подростков в неполных семьях / Н.С. Фонталова: автореферат диссертации на соискание степени кандидата психологических наук. – Иркутск, 2004. – 19 с.
9. Бубнова И.С. Специфика современных условий семейного воспитания подростков и ее влияние на формирование их Я-концепции // Вестник Иркутского государственного технического университета. – 2013. – №1(72). – С.211–214.
10. Дружинин В.Н. Психология семьи. – СПб.: «Питер», 2006. – 176 с.
11. Захаров Л.И. Психотерапия невротических детей и подростков. Л.: «Медицина», 1982. – 214 с.
12. Ильенко Е.П. Особенности самоотношения подростков в семье с разными стилями воспитания // Психология, социология и педагогика. – 2013. – №2. – С.12-17
13. Капцова Е. А. Особенности самосознания подростков при различном восприятии семейной ситуации / Е.А. Капцова: автореферат диссертации на соискание степени кандидата психологических наук. – М., 2002. – 23 с.
14. Мухина В.С. Возрастная психология: феноменология развития, детство, отрочество. М.: «Академия», 2003. – 456 с.
15. Кон И.С. В поисках себя. Личность и ее самосознание. – М.: «Плениздат», 1984. – 335 с.
16. Кураев Г.А., Пожарская Е.Н. Возрастная психология: Курс лекций. – Ростов н/Д: УНИИ Валеологии РГУ, 2002. – 146 с.
17. Соколова, Е. Т. Зависимость самооценки подростка от отношения к нему родителей / Е. Т. Соколова, И. Г. Чеснокова // Психол. журнал. – 2002. – №2. – С.110-117

ЭМПИРИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ ДИНАМИКИ ПСИХИЧЕСКОГО СОСТОЯНИЯ ЖЕНЩИН ДО РОДОВ И ПОСЛЕ РОДОВ

Исина Айзада Саламатқызы

Life_is_river@mail.ru

Магистрант факультета «Социальных наук», специальность «Кризисная психология»

ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, г.Астана, Казахстан

Научный руководитель – У.Ж.Тлегеновна

Исследование динамики психического состояния женщин до родов и после родов является важной темой для исследования, так как это может помочь выявить факторы, влияющие на эмоциональное состояние женщин в этот период, а также определить эффективные методы поддержки и лечения.

Один из наиболее часто используемых методов для исследования динамики психического состояния женщин до родов и после родов - это использование опросников. Они могут предоставить информацию о различных аспектах психического состояния, таких как настроение, тревожность, уровень стресса, удовлетворенность жизнью и другие. Стандартизированные опросники могут быть использованы для сравнения результатов исследования с другими исследованиями [1].

Наблюдение - это еще один метод, который может использоваться для изучения поведения и эмоциональных реакций женщин до родов и после них. Наблюдая за изменениями